



Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 22 маусымдағы № 588 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 22 маусымда № 39031 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

Е. Сарсембаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 22 маусымдағы
№ 588 бұйрығына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Жеке сот орындаушыларының есептік тіркеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2014 жылғы 7 наурыздағы № 98 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9258 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларын есептік тіркеу қағидаларында:

- 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есептік тіркеуге қою немесе алу туралы мәліметтер аумақтық органға хабарлама (хаттама) келіп түскен күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың Жеке сот орындаушыларын есептік тіркеу кітабына (бұдан әрі - Кітап) осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысанда енгізіледі.";

Жеке сот орындаушыларының есептік тіркеу қағидасының 2-қосымшасының тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"_____ астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың Жеке сот орындаушыларын есептік тіркеу кітабы".

2. "Тыйым салынған мүлікті, оның ішінде электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 100 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10321 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Тыйым салынған мүлікті, оның ішінде электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізу қағидаларында:

Қазақстан Республикасы Тыйым салынған мүлікті өткізу, оның ішінде электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізу қағидаларына 2-1-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

Қазақстан Республикасы Тыйым салынған мүлікті өткізу, оның ішінде электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізу қағидаларына 3-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

3. "Жеке сот орындаушысының алименттерді және жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындауға байланысты қызметіне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 595 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12613 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушысының алименттерді және жалақыны өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындауға байланысты қызметіне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы қағидаларында:

5-тармақтың 6) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

4. "Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер тұлғаларды аттестаттау бойынша комиссия туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12347 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер тұлғаларды аттестаттау жөніндегі комиссия туралы ережеде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер және жеке сот орындаушыларының өңірлік палаталарында тағылымдамадан өткен тұлғалар астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың аумақтық әділет органы (бұдан әрі – аумақтық әділет органы) жанынан құрылатын Комиссияда аттестаттаудан өтеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мәслихат депутатының кандидатурасын астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары ұсынады.".

5. "Жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 171 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16376 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру қағидаларында:

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"аумақтық орган – астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, қалалардың, аудандардың әділет бөлімшелері;"

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Шағым, өтініш, хабар не басқа да ақпарат уәкілетті органға немесе аумақтық әділет органына түскен кезде жеке сот орындаушысын жоспардан тыс бақылау әділет органының уәкілетті тұлғасының бұйрығымен шағым, өтініш, хабар не басқа да ақпарат тіркелген уақыттан бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті тағайындалады.

16. Шағым, өтініш, хабар не басқа да ақпарат Жеке сот орындаушыларының республикалық немесе өңірлік палатасына түскен кезде жеке сот орындаушысын жоспардан тыс бақылау жеке сот орындаушыларының тиісті палатасының уәкілетті тұлғасының бұйрығымен шағым, өтініш, хабар не басқа да ақпарат тіркелген уақыттан бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тағайындалады.".

6. "Мемлекеттік сот орындаушылары қаулыларының үлгі нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 20 наурыздағы № 135 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18432 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік сот орындаушылары қаулыларының үлгі нысандарына:

Мемлекеттік сот орындаушылары қаулыларының үлгі нысандарына 34-қосымша осы Тізбенің 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Мемлекеттік сот орындаушылары қаулыларының үлгі нысандарына 40-қосымшаға орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

Мемлекеттік сот орындаушылары қаулыларының үлгі нысандарына 41-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

7. "Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 148 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18493 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарында:

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 11-қосымша осы Тізбенің 2-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 15-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 16-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 17-қосымша осы Тізбенің 3-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 18-қосымша осы Тізбенің 4-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 21-қосымша осы Тізбенің 5-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 23-қосымша осы Тізбенің 6-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 24-қосымша осы Тізбенің 7-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 27-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 28-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 36-қосымша осы Тізбенің 8-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 37-қосымша осы Тізбенің 9-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

8. "Жеке сот орындаушыларының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуы туралы келісім нысанын, жеке сот орындаушылары көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есептің және жинақтық есептің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 606 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12436 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуы туралы келісім нысанын, жеке сот орындаушылары көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есептің және жинақтық есептің нысанында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке сот орындаушыларының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуы туралы келісім нысанын, жеке сот орындаушылары көрсеткен мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі туралы есептің және жинақтық есептің нысанын бекіту туралы";

преамбула мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 103-1-бабының 3, 4 және 5-тармақтарына, сондай-ақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мына:

1) мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегін көрсету туралы келісім нысаны осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) көрсетілген мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі туралы есеп нысаны осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) жеке сот орындаушылары көрсеткен мемлекет кепілдік берген білікті заң көмегі туралы жинақтық есеп нысаны осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес бекітілсін.";

Жеке сот орындаушыларының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуы туралы келісім нысанын, жеке сот орындаушылары көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есептің және жинақтық есептің нысанына 1-қосымша осы Тізбенің 10-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуы туралы келісім нысанын, жеке сот орындаушылары көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есептің және жинақтық есептің нысанына 2-қосымша осы Тізбенің 11-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

Жеке сот орындаушыларының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуы туралы келісім нысанын, жеке сот орындаушылары көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есептің және жинақтық есептің нысанына 3-қосымша осы Тізбенің 12-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

9. "Атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 69 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20836 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік қызметті астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу (бұдан әрі – аттестаттау) жолымен көрсетеді.";

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларына 1-қосымша осы Тізбенің 13-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларына 2-қосымша осы Тізбенің 14-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

"Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қағидаларына 4-қосымша осы Тізбенің 15-қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

10. "Тыйым салынған мүлікті өткізу бойынша бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңын таңдауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21235 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тыйым салынған мүлікті өткізу бойынша бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңын таңдауды жүзеге асыру қағидаларында:

10-тармақтың 6) тармақшасында орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

11. "Оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2024 жылғы 16 тамыздағы № 697 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34936 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру қағидаларында:

Оңайлатылған өндірісті жүзеге асыру қағидаларына 3-қосымшада орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 20 наурыздағы
№ 135 бұйрығына
34-қосымша

Борышкердің белгілі бір іс-әрекеттер жасауына тыйым салу туралы қаулының үлгі нысаны

20__ жыл " __ " _____

(қаланың, ауданның атауы)

_____ (әділет департаментінің аумақтық бөлімінің атауы)

мемлекеттік сот орындаушысы _____

— (сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)

_____ негізінде
қозғалған

(атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың немесе органның атауы, берілген күні)

20__ жылғы " ____ " _____ атқарушылық
іс

(атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері)

жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

— (қолданыстағы Заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, тыйым салудың негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағын, 32-бапты, 126-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Борышкерге өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы (банктерді және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарын қоспағанда) ақшасы мен бағалы қағаздарын қоса алғанда, құқық меншігіндегі мүлкін _____ теңге шегінде пайдалануға тыйым салынсын. (орындау бойынша шығыстарды ескере отырып, атқарушылық құжатты орындауға қажетті сомасы)

2. Мемлекеттік тіркеу органдарына борышкерге белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде заңды тұлға органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сол сияқты заңды тұлғаның жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын, бағалы қағаздарын және жарғылық капитал мен мүліктегі үлестерін иеліктен шығару жөнінде қабылданған шешімдердің қолданылуын тоқтата тұру. Қаулыны орындау туралы ақпарат сот орындаушыға ұсынылсын.

3. Қаулы _____ орындау үшін жіберілсін

(мемлекеттік тіркеу органының атауы, борышкерге)

4. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына, олардың өкілдеріне хабарлансын.

5. Сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес сотқа он жұмыс күні ішінде шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Егер сот орындаушысы қызмет көрсететін аумақтық учаске тіркелген жер атқарушылық әрекеттер жасалатын жермен бір елді мекенде болса, шағым атқарушылық әрекеттер жасалатын жер бойынша беріледі.

Мемлекеттік сот орындаушы _____

Мөрдiң орны (қолы, инициалдары және тегі)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
2-қосымша
2019 жылғы 28 наурыздағы
№ 148 бұйрығына
11-қосымша
Үлгі нысаны

Атқарушылық құжатты қайтару туралы ҚАУЛЫ

20__ жылғы " __ " _____

(қала, облыс атауы)

Жеке сот орындаушысы _____

—
(жеке сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)
_____ негізінде
қозғалған

(атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың немесе органның атауы, берілген күні)

20__ жылғы " ____ " _____

атқарушылық іс (атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері) жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

_____ (қолданыстағы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) немесе өзге де

нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, атқарушылық іс жүргізуді тоқтату негізі)

Ескерту: Заңның 48-бабы 1-тармағының 2) тармақшасының тәртібімен борышкер шетел азаматы не азаматтығы жоқ адамға қатысты әкімшілік айыппұлды мемлекет кірісіне өндіру туралы атқарушылық құжаты қайтарылған кезде мыналар көрсетіледі:

- борышкердің өзіндегі не басқа да жеке немесе заңды тұлғалардағы, банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы ақшасы мен бағалы қағаздарын қоса алғанда тыйым салуға мүмкін болмаған мүлкінің болмауы (Заңның 32-бабы 2-тармағының 1) және 1-1) тармақшалары);

- шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуін - кетуін және болуын бақылау жөніндегі "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы алынған борышкер шетел азаматы не азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының шегінен тыс шыққанын растайтын мәліметтер.

Жоғарыда аталғанның негізінде, Заңның 10-бабының 1-тармағын, 48-бабы 1-тармағының __) тармақшасын, 49-бабын, 126-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. _____

туралы (атқарушылық құжат қайтарылатын жеке тұлғаның аты, әкесінің аты және тегі (болған жағдайда), заңды тұлғаның, соттың, уәкілетті органның атауы, мекен-жайы көрсетіледі) атқарушылық құжат қайтарылсын.

2. Заңның 49-бабына сәйкес атқарушылық іс жүргізу аяқталды деп танылсын.

3. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына немесе олардың өкілдеріне хабарлансын.

Ескерту: борышкер шетел азаматы не азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының шегінен тыс басқа мемлекеттің (_____) аумағына кету фактісі анықталған жағдайда, жеке сот орындаушысы Заңның 48-бабы 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларының тәртібімен әкімшілік айыппұлды мемлекет кірісіне өндіріп алу туралы атқарушылық құжатты оны шығарған (бастамашы болған) құқық қорғау органына не арнайы мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыреті шегінде шаралар қабылдау үшін қайтарады.

4. Заңның 48-бабы 2-тармақшасына сәйкес атқарушылық құжатты өндіріп алушыға қайтару заңда белгіленген атқарудың ескіру мерзімі шегінде осы құжатты орындауға қайталап ұсынуға кедергі болып табылмайтыны түсіндірілсін.

5. Жеке сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен

бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы

белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі

6. Атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындатуға берудің көзделген мерзімі өткен жағдайларда атқарушылық іс жүргізу шегінде қабылданған мәжбүрлеп орындату шаралары жойылуға жатады.

Жеке сот орындаушысы _____

Мөрдiң орны (қолы, инициалдары және тегі)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 28 наурыздағы
№ 148 бұйрығына
17-қосымша
Үлгі нысаны

Берешекті анықтау туралы ҚАУЛЫ

20__ жылғы " __ " _____

(қала, аудан атауы)

Жеке сот орындаушысы _____

—
(жеке сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)
_____ негізінде
қозғалған

(атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың немесе органның атауы,

берілген күні) 20__ жылғы " ____ " _____

—
атқарушылық іс (атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің

деректемелері) жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

—
(қолданыстағы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң) немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, берешек сомасын анықтау және оны есептеу негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, Заңның 10-бабының 1-тармағын, 99-бабын, 126-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Берешектің мөлшері _____ теңге сомасында айқындалсын.

(берешектің сомасы көрсетіледі)

2. Жиналып қалған берешекті өндіріп алу бойынша шара қабылдау.

3. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына, олардың өкілдеріне хабардар етілсін.

4. Жеке сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі

Жеке сот орындаушы _____

Мөрдiң орны (қолы, инициалдары және тегі)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
4-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 28 наурыздағы
№ 148 бұйрығына
18-қосымша
Үлгі нысаны

Өндіріп алынған ақша сомасын бөлу туралы ҚАУЛЫ

20__ жылғы " __ " _____

(қала, аудан атауы)

Жеке сот орындаушысы _____

—
(жеке сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)
_____ негізінде

қозғалған

(атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың немесе органның атауы,

берілген күні)

20__ жылғы " ____ " _____ атқарушылық

іс

(атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері)

жүргізу материалдарын қарап,
АНЫҚТАДЫ:

(қолданыстағы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң) немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, есептеу, өндіріп алынған ақша сомасын бөлу негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, Заңның 10-бабының 1-тармағын, 108-бабын, 126-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. _____ теңге мөлшеріндегі өндіріп алынған сома келесі тәртіпте

бөлінсін: _____ теңге
мөлшеріндегі сома (аударылатын соманың барлығы немесе бөлігі жасалған
атқарушылық әрекеттер бойынша шығыстар немесе өндіріп алушыларға)

_____ аударылуға
жатады.

(аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)

2. Барлық талаптар қанағаттандырылғаннан кейін
_____ теңге борышкерге
қайтарылсын.

(сома қалдығы)

3. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына, олардың өкілдеріне хабардар етілсін.

4. Жеке сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі.

Жеке сот орындаушы _____

Мөрдiң орны (қолы, инициалдары және тегі)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
5-қосымша
Қазақстан Республикасы

Атқарушылық іс жүргізуін қамтамасыз ету шараларының күшін жою туралы ҚАУЛЫ

20__ жылғы " __ " _____

(қала, аудан атауы)

Жеке сот орындаушысы _____

— (жеке сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)
_____ негізінде

қозғалған (атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың
немесе органның атауы, берілген күні) 20__ жылғы " ____ "

_____ атқарушылық
іс

(атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері
)

жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

— (қолданыстағы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі
туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң) немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге
сілтеме жасай отырып, тыйым салуды алып тастудың негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, Заңның 10-бабының 1-тармағын, 47-бабы 2-
тармағын,

126-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. _____

— борышкерге тиесілі (борышкер-жеке тұлғаның аты-жөні және тегі (болған жағдайда
)

ЖСН, заңды тұлғаның атауы, БСН) _____
түріндегі

(мүліктің атауы, оның ішінде банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін
жүзеге асыратын ұйымдарда, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарында орналасқан
ақшалай

қаражат) мүлкінен _____ теңге шегіндегі тыйым, шектеу түріндегі мәжбүрлеп

орындату шараларының күшін жойылсын.

2. Қаулы орындау үшін _____
жолдансын.

(мемлекеттік тіркеу органының немесе банк қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауы)

3. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына немесе олардың өкілдеріне хабарлансын.

4. Жеке сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы

хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен

бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі.

Жеке сот орындаушы _____

Мөрдiң орны (қолы, инициалдары және тегі)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 28 наурыздағы
№ 148 бұйрығына
23-қосымша
Үлгі нысаны

Жеке сот орындаушысының қызметіне төлемақы сомасын бекіту туралы ҚАУЛЫ

20__ жылғы " __ " _____

(қала, аудан атауы)

Жеке сот орындаушысы _____

_____ (жеке сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)

_____ негізінде

қозғалған (атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың немесе органның атауы, берілген күні) 20__ жылғы " ____ "

_____ атқарушылық іс

(атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері)

жүргізу материалдарын қарап,
АНЫҚТАДЫ:

(қолданыстағы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң) немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, жеке сот орындаушысының қызметіне төлемақы сомасын өндіріп алу негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, Заңның 10-бабының 1-тармағын, 118-бабын, 126-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жеке сот орындаушысының қызметіне төлемақы сомасы _____ теңге шегінде бекіту. (жазбаша)

2. Борышкер _____ жеке сот орындаушысының қызметіне төлемақы (борышкер-жеке тұлғаның аты-жөні және тегі (болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлғаның атауы, БСН) сомасы өндіріп алынсын.

3. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына немесе олардың өкілдеріне хабарлансын.

4. Жеке сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) талап қою әрекет жасалған (әрекет жасаудан бас тартылған) күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі.

Жеке сот орындаушы _____

Мөрдің орны (қолы, инициалдары және тегі)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 28 наурыздағы
№ 148 бұйрығына
24-қосымша
Үлгі нысаны

Борышкердің белгілі бір әрекеттер жасауына тыйым салу туралы ҚАУЛЫ

20__ жылғы " __ " _____

(қала, аудан атауы)

Жеке сот орындаушысы _____

— (жеке сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)
_____ негізінде

қозғалған

(атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың
немесе органның атауы, берілген күні) 20__ жылғы " ____ "

_____ атқарушылық іс
(атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері
)

жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

_____ (қолданыстағы "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының
мәртебесі туралы" Заңына (бұдан әрі - Заң) немесе өзге де нормативтік құқықтық
актілерге сілтеме жасай отырып, тыйым салудың негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, Заңның 10-бабының 1-тармағын, 32-бабының 3-
тармағын, 126-бабын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Борышкерге өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы (банктерді және
банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды, сондай-ақ
сақтандыру ұйымдарын қоспағанда) ақшасы мен бағалы қағаздарын қоса алғанда,
құқық меншігіндегі мүлкін _____

теңге шегінде пайдалануға тыйым салынсын. (орындау бойынша шығыстарды ескере
отырып, атқарушылық құжатты орындауға қажетті сомасы) 2. Мемлекеттік тіркеу
органдарына борышкерге белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде
заңды тұлға органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сол сияқты заңды
тұлғаның жылжымалы және жылжымайтын мүлкін, мүліктік және мүліктік емес
құқықтарын, бағалы қағаздарын және жарғылық капитал мен мүліктегі үлестерін
